

**DEXP**

**ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ**



**Үтік**  
**DEXP CE2600S**

# Мазмұны

<b>Құрылғының арналуы</b> .....	<b>5</b>
<b>Сақтық шаралары</b> .....	<b>5</b>
<b>Жиынтықталымы</b> .....	<b>5</b>
<b>Құрылғының схемасы</b> .....	<b>6</b>
<b>Техникалық сипаттамалары</b> .....	<b>6</b>
<b>Пайдалану жөніндегі нұсқаулық</b> .....	<b>7</b>
Сүмен толтыру .....	7
Құрғақ үтіктеу.....	7
Бумен үтіктеу .....	7
Тозаңдату .....	7
Будың өті .....	8
Суқақтан қорғау функциясы .....	8
Тамшылауға қарсы жүйе .....	8
Әр пайдаланғаннан кейін .....	8
<b>Тазалау және күтім жасау</b> .....	<b>9</b>
Үтіктің сыртқы беті .....	9
Қыздырғыш элемент .....	9
Өздігінен тазару функциясы .....	9
<b>Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жаратудың ережелері мен шарттары</b> .....	<b>10</b>
<b>Қосымша ақпарат</b> .....	<b>11</b>

# Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

Біз Сізге сапаға, функционалдыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленіп, жасап шығарылған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастар алдында осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану мен оны күтіп ұстау бойынша ұсынымдар берілген. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және оны бұйымды одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

## Құрылғының арналуы

Үтік киімнің бүктелген және мыжылған жерлерін жазуға арналған.

## Сақтық шаралары

1. Аспапты қуат көзіне қосар алдында Сіздің үйіңіздің электр желісінің кернеуі техникалық сипаттамаларға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Құрылғы балалардың және дене, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеттері шектеулі адамдардың пайдалануына арналмаған, тек олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда.
3. Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
4. Үтікті тек арналуы бойынша ғана пайдаланыңыз.
5. Жарақаттанып және күйіп қалмау үшін денеге киілген киімді үтіктемеңіз.
6. Үтікті желіге қоспас бұрын немесе қуат желісінен ажыратпас бұрын, температура реттегішін «OFF» күйіне ауыстырыңыз. Үтікті желіден ажырату үшін ешқашан кабелінен тартпаңыз.
7. Қуат сымының ыстық беттермен жанаспауын қадағалаңыз.
8. Пайдаланғаннан кейін үтікті толығымен суытыңыз.
9. Суға арналған ыдысты толтырмас бұрын үтікті желіден ажыратыңыз.
10. Зақымдарын көрсеңіз, үтікті пайдаланбаңыз.
11. Үтікті балалардың жанында пайдаланған кезде мұқият болыңыз.
12. Күйіп қалмау үшін ыстық беттерге, қыздыру элементіне, ыстық суға немесе бу өтіне қол тигізбеңіз.
13. Бұдың өтін адамдарға және жануарларға бағыттамаңыз.
14. Үтікті тек тегіс және орнықты бетте пайдаланыңыз.


## Жиынтықталымы

- Үтік.
- Өлшеу стаканы.
- Пайдаланушы нұсқаулығы.

## Техникалық сипаттамалары

- Модель: CE2600S.
- Қуат параметрлері: 220-240 В, 50 Гц.
- Қуаты: 2600 Вт.
- Сымның ұзындығы: 1,8 м.
- Тігінен буландыру.
- Өздігінен тазару жүйесі.
- Тамшылауға қарсы жүйе.
- Суқақтан қорғау жүйесі.
- Табанның керамикалық жабыны.
- Қолдану аясы: тұрмыстық.

## Құрылғының схемасы



1. Су тозаңдатқыш.
2. Су құюға арналған саңылау.
3. Бу жіберу реттегіші.
4. Бу жіберу пернесі.
5. Тозаңдату пернесі.
6. Айнаlmалы желілік қуат сымы.
7. Индикатор.
8. Суға арналған ыдыс.
9. Температураны реттегіш.
10. Өздігінен тазару пернесі.
11. Табан.

# Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

## Сумен толтыру

1. Үтіктің сөндірілгеніне және қуат желісінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
2. Бу жіберу реттегішін «0» күйіне орнатыңыз.
3. Суға арналған ыдыстың қақпағын ашып, ыдысты максималды деңгейге дейін толтырыңыз.
4. Су деңгейін суға арналған ыдыстың жартылай мөлдір бөлігі арқылы көруге болады. Бұл үшін үтікті тігінен қою қажет. Қажет болған кезде ыдысқа су қосыңыз.
5. Пайдаланғаннан кейін қалған суды төгіп тастаңыз.

**Ескерту:** кәдімгі құбыр суын пайдаланыңыз. Әртүрлі қоспалар мен хош иістендіргіштерді пайдалану суға арналған ыдыстың корпусына зиян келтіруі мүмкін. Ыдысқа максималды белгіден асырмай су толтырыңыз.

## Құрғақ үтіктеу

1. Үтікті тігінен қойыңыз.
2. Үтікті қуат желісіне қосыңыз.
3. Бу жіберу реттегішін «0» күйіне орнатыңыз.
4. Индикатор сөнгеннен кейін, үтіктеуді бастауыңызға болады.

## Бумен үтіктеу

Осы үтік моделінде бумен үнемді үтіктеу функциясы бар. Бу жіберу реттегішін «Макс.» күйіне орнату кезінде, егер саусағыңызды реттегіштен алсаңыз, реттегіш автоматты түрде «Эко» күйіне ауысады.

1. Суға арналған ыдысты нұсқаулықтарды орындай отырып, толтырыңыз.
2. Үтікті тігінен қойып, бу жіберу реттегішін бұраңыз.
3. Үтікті қуат желісіне қосыңыз.
4. Температура реттегішін матаның түріне сәйкес келетін қажетті күйіне бұраңыз.
5. Индикатордың өшуін күтіңіз.
6. Үтік бумен үтіктеуге дайын.

**Ескерту:** бумен үтіктеу үшін үтік максималды температураға дейін қызуы қажет, әйтпесе су бұға айнала алмайды.

## Тозаңдату

Тозаңдатуды пайдалану алдында, киім өндірушісінің осы зат үшін бұл функцияны пайдалануға тыйым салмайтынына көз жеткізіңіз.

Тозаңдату бүктесіндерді үтіктеуге көмектеседі. Тозаңдату функциясын пайдалану үшін тиісті пернені бассаңыз жеткілікті.

## Будың өті

Осы функцияның көмегімен Сіз киімнің бүктелген және нашар үтіктелетін басқа жерлерін жаза аласыз.

- Бу өтін пайдалану үшін бу жіберу пернесін басыңыз.
- Пернені екінші рет баспас бұрын, бірнеше секунд күтіңіз, бұл көбірек бу алуға мүмкіндік береді.

**Ескерту:** буды оңтайлы жіберу үшін будың өтін индикатор сөнгеннен кейін үш реттен көп пайдаланбаған жөн.

## Суқақтан қорғау функциясы

Суқақтан қорғау функциясы – судан қоспаларды кетіруге арналған және суқаққа байланысты проблемаларды жоюға арналған, суға арналған ыдысқа орнатылған жүйе.

Жүйенің тиімді жұмысын ұзарту үшін, мынадай әрекеттерді орындаңыз:

1. Үтікті желіден ажыратып суытыңыз.
2. Жиынтықталымға кіретін стаканды 3/4-ке су толтырып, оған бір шай қасық тұз қосыңыз, осы ерітіндімен үтіктің суға арналған ыдысын толтырыңыз.
3. Ертіндіні ыдыста шамамен 15 минутқа қалдырыңыз, мезгіл-мезгіл шайқап отырыңыз, содан кейін төгіп тастаңыз.
4. 2-ші және 3-ші операцияларды қайталаңыз.
5. Суға арналған ыдысқа құбыр суын толтырыңыз, шайып, суды төгіп тастаңыз.

## Тамшылауға қарсы жүйе

Бұл жүйе үтіктің табанына барып тұрған су ағынын үнемі бақылап тұрады. Егер қыздыру температурасы тым төмен болса, су ағыны тоқтайды, бұл матаға тамшылардың түсуін болдырмайды.

## Әр пайдаланғаннан кейін

1. Үтікті сөндіріп, электр желісінен ажыратыңыз.
2. Пайдаланғаннан кейін суға арналған ыдысты дереу босатыңыз. Ыдыста су қалдырмаңыз.
3. Үтік толық суығанша күтіңіз.
4. Үтікті қауіпсіз орынға тігінен қойыңыз.



# Тазалау және күтім жасау

## Үтіктің сыртқы беті

- Үтік суығаннан кейін, оның бетін ылғалды матамен сүртіп алуыңызға болады.
- Қажет болған кезде жұмсақ жуғыш құралды пайдаланыңыз.

**Назар аударыңыз:** жемір жуғыш құралдарды ешқашан пайдаланбаңыз.

## Қыздырғыш элемент

- Үтіктің қыздырғыш элементіндегі кірді кетіру үшін ылғалды матаны пайдаланыңыз.
- Сызаттарды болдырмау үшін үтікті тазалау үшін ешқашан темір ысқыларды пайдаланбаңыз.
- Үтікті кедір беттерге қоймаңыз.
- Үтіктің табанынан синтетикалық матаның күйген бөлшектерін кетірудің ең жақсы тәсілі - ескі мақта-матаны бірнеше минут үтіктеу.

## Өздігінен тазару функциясы

**Назар аударыңыз:** пайдалану қарқындылығына қарай үтіктің өздігінен тазаруын айына бір рет немесе одан жиі жүргізу ұсынылады.

1. Ыдысқа жартылай су толтырып, үтікті тігінен қойыңыз.
2. Температура реттегішін максималды күйіне орнатып, үтікті желіге қосыңыз.
3. Үтік толық қызғанша күтіңіз. Индикатор сөнуге тиіс.
4. Үтікті желіден ажыратыңыз.
5. Үтікті шұңғылшаның үстінен көлденең ұстаңыз.
6. Өздігінен тазару пернесін басып ұстап тұрыңыз. Қайнап тұрған су мен бу үтіктің қыздырғыш элементіндегі тесіктер арқылы шығатын болады.
7. Үтіктің табанын тазалау үшін табанын жұмсақ матаның бетімен бірнеше рет жүргізіп өтіңіз.
8. Ыдыс босаған кезде, өздігінен тазару пернесін жіберіңіз.
9. Үтікті қуат желісіне қосыңыз.
10. Температура реттегішін максималды күйіне орнатып, индикатордың сөнуге күтіңіз. Ыдыстың ішіндегі су қалдықтары буланып, тесіктер арқылы шығып кетеді.

## **Монтаждау, сақтау, тасу (тасымалдау), өткізу және кәдеге жаратудың ережелері мен шарттары**

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітіп қоюды қажет етпейді.
- Құрылғы дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында 5 °С-тан 40 °С-қа дейінгі ауа температурасында және 80%-тен аспайтын салыстырмалы ауа ылғалдылығында қаптамада сақталуы тиіс. Үй-жайларда коррозияны тудыратын жемір қоспалар (қышқылдар, сілтілер бұлары) болмауға тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы мұқият ұстауды қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т.б. әсерінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Осы бұйым қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес кәдеге жаратылуы тиіс. Осы бұйымның дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, Сіз қалдықтардың бақылаусыз шығарылуы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына келетін ықтимал зиянның алдын алуға және материалдық ресурстарды ұтымды пайдалануға көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Құрылғының ақаулығы анықталған жағдайда, дереу авторландырылған сервис орталығына хабарласыңыз немесе құрылғыны дереу кәдеге жаратыңыз.

## Қосымша ақпарат

**Өндіруші:** Нинбо Шуайвэй Электрик Эпплайнс Ко., Лтд.  
Шығыс өнеркәсіптік аймақ (Лучэн), Чжоусян, Цыси, Нинбо қ., Қытай.

**Өндірушінің филиалы:** Нинбо Шуайвэй Электрик Эпплайнс Ко., Лтд.  
Чжоучжи тас жолы 1188, Чжоусян, Цыси, Нинбо қ., Чжэцзян пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

**Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:**

ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

**Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:**

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Тауар Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді:

- КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі»;
- КО ТР 004/2011 «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы».

Тауар Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламентінің талаптарына сәйкес келеді.

Бұйымның сыртқы түрі, оның сипаттамалары мен жинақталымы алдын ала ескертусіз өзгерістерге ұшырауы мүмкін.

**Интернеттегі адрес:**

[www.dexp.club](http://www.dexp.club)



**Жазбалар үшін**

Lined writing area consisting of 20 horizontal lines.



# Кепілдік талоны

SN/IMEI: \_\_\_\_\_

Кепілдікке қойылған күні: \_\_\_\_\_

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсету бұйым пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына адрес бойынша:  
<https://www.dns-shop.ru/service-center/>





[www.dexp.club](http://www.dexp.club)